

"Алаш" акционерлік қоғамын мемлекеттік тіркеу орны бойынша "Алаш", "КРАМДС-Кварцит", "Оңтүстік Топар кен басқармасы", "Центргеолсьемка" акционерлік қоғамдары мен "Абайкен" жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің бірыңғай салық төлеушісі деп айқындау туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1997 жылғы 20 маусымдағы N 1004

"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 24 сәуірдегі N 2235 Z952235_ Заң күші бар Жарлығына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., N 6, 43-құжат) сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

"Алаш" акционерлік қоғамы мемлекеттік тіркеу орны бойынша қызметін бірыңғай өндірістік кешенде жүзеге асыратын кәсіпорындар ретіндегі "Алаш", "КРАМДС-Кварцит", "Оңтүстік Топар кен басқармасы", "Центргеолсьемка" акционерлік қоғамдары мен "Абайкен" жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің бірыңғай салық төлеушісі болып айқындалсын.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі